



CAF
CENTRAL ASIA FASHION
SPRING-2023

31 МЕЖДУНАРОДНАЯ ВЫСТАВКА МОДЫ
INTERNATIONAL FASHION EXHIBITION

13-15 марта
march **2023**

Organizer /Организатор
caTEXPO

WWW.FASHIONEXPO.KZ

Алматыда Central Asia Fashion 31-ші халықаралық сән көрмесі аяқталды **Central Asia Fashion қатысушылары**

Орталық Азиядағы сән индустриясының ең ірі B2B fashion жобасы – Central Asia Fashion халықаралық сән көрмесі рекордтарды жаңартуда. Бұл жолы үш күнге созылған сән шарасына Еуропа мен Азияның 14 елінен 150-ден астам бренд қатысты. Түркия, Өзбекстан, Ресей, Нидерланды, Беларусь, Италия, Германия, Қытай, Польша, Украина, Греция, Бангладеш, Франция және Финляндияның жеткізушілері мен өндірушілері Қазақстанның оңтүстік астанасы Алматыға байерлердің алдын ала тапсырыс беруі және сатып алуы үшін жаңа сән топтамаларын әкелді.

Бір қызығы, Қазақстанның Орталық Азиядағы тұрақты және бизнес үшін тартымды аймақ ретінде танымал болуына байланысты халықаралық маркетплейстер көрмеге ерекше қызығушылық танытты. Осылайша, Central Asia Fashion көрмесі Қазақстанның аймақ және ел ретінде өзін бизнестің өсуі мен дамуы үшін тамаша алаң екенін тағы да растады.



Central Asia Fashion көктемгі маусымының келушілері

Central Asia Fashion байерлік бағдарламасының келушілері мен қатысушыларының жалпы саны әрқашан тұрақтылығымен, көзге көрінетін сапасымен және кәсіби аудиториясымен ерекшеленді. Бұл жолғы CAF көктемгі көрмесі де қалыс қалмады. Мәселен, көрменің 3 күнінде қатысушылардың стендтерін Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Ресей, Түркия, Моңғолия, Қытайдан 6 911 мамандандырылған мамандар тамашалады. Байерлер мен fashion ритейл өкілдерінің қатысуы бойынша жетекші үш елдің қатарында Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан елдері болды. Айта кету керек, Central Asia Fashion 31-ші маусымы байерлер үшін өте қызықты өтті: алдын ала тапсырыс беру үшін мамандар сән іс-шарасында кезекке тұрды

десе де болады және ұсынылған брендтердің ауқымы мен сапасына тәнті болып, көрген топтамалары жайында өз пікірлерімен бөлісті.



Көрменің тақырыптық бөлімдерінің ішінде ең көп ұсынылғандары әйелдер, ерлер және балалар киімдері, бас киімдер, сырт киімдер мен тондар, спорттық киімдер мен джинсалық киімдер, іш киімдер, сондай-ақ сөмкелер мен сәнді аксессуарлар. Әр бағыт көрменің стендтерінде де, подиумында да көрініс тапты. 3 күн ішінде сән брендтерінің 43 жаңа топтамасы келесі күзде өзекті болатын сән көрсетілімдерімен таныстырылды. Бір қызығы, бренд өкілдері сән топтамаларының авторларымен қоса модельдермен бірге үлкен ықыласпен подиумға көтеріліп, қызығушылық танытқан жұртшылықтың қошеметіне бөленді.



CAF Spring-2023 бизнес-конференциясы

CAF салалық профильді бизнес-конференциясы қашан да нарық сарапшылары мен БАҚ өкілдерінің ерекше назарында болып келеді. Оның өзектілігі, дәлелін тапқан тиімділігі және ерекше танымалдығы көрменің айрықша жетістікке жетуіне жағдай жасады. Central Asia Fashion бизнес-конференциясының серіктестерінің қатарында болашақта сән трендтері мен үрдістерін болжау саласындағы жаһандық әлемдік көшбасшы болып табылатын - коммерциялық сатып алудың сән үрдістері мен жаһандық трендтерінің болжамын ұсынған WGSN (Ұлыбритания) тренд-бюросы да бар.

Fashion көрмесі мамандарының әлеуметтанулық және маркетингтік зерттеулері озық шеберлерінің жаппай талқылауы ерекше назар аударды. Сарапшылар жаңа Қазақстанның челлендж-трансформациялары туралы сөз

қозғай отырып, соңғы жылдардағы әлемдік дағдарыстардың қазақстандықтардың көңіл күйі мен тұтынушылық мінез-құлқына әсері туралы тілге тиек етті, Азия халықтарының ерекшелігін де атап өтті. Сондай-ақ, қазақстандықтардың дағдарыс кезіндегі мінез-құлқы, бағаның барынша өсуінің қыса түсуі, «KZ аймағындағы» бәсекелестік пен электрондық коммерция және жалпы алғанда, өзгермелі шындық жағдайында қазақстандық нарықты дамыту мүмкіндіктері туралы сөз болды. Сарапшылар халықаралық деңгейдегі дағдарыстық жағдайға қарамастан, Қазақстан қазірдің өзінде алдағы уақытта ашылатын жарқын болашақты бастап кетті деген пікірге келді.



Жүргізілген ауқымды салалық зерттеулер мен оның мәліметтері тек Central Asia Fashion-да ғана ұсынылғанын және жас қазақстандықтардың қалауы мен басымдықтарын көрсеткенін айта өту қажет. Атап айтқанда, бос уақыт, сән, медиа тұтынуға және «жаңа медиа» деп аталатындарға, соның ішінде әлеуметтік желілерге ерекше назар аударылды. Бизнес-конференцияда ұсынылған талдау халықтың трендтерін барынша бақылайтындардың қаперінде болу үшін бизнес қауымдастыққа неге назар аудару керектігін нақты көрсетті. Сонымен қатар, fashion-retail мамандары бизнес өкілдеріне жоғары деңгейдегі сатудың жұмыс құралдары мен әдістері туралы еске салып, дағдарыс жағдайындағы сатып алу, тауар түрлері және дағдарыстан шығу жолдары жөнінде ұсыныстар берілді.

Бизнес-конференцияның барысында сән саласы сарапшыларының қызу пікірталастарында Қазақстанның тұрақтылықтың жаһандық үлгісіне айналуы және sustainable fashion-ға тартылуы тақырыбы да ерекше атап өтілді. Сараптамалық бағалау бойынша әлемдік қауымдастық жасыл өнімдерді кеңінен тарату және танымал ету жолында қоршаған ортаға деген қамқорлық күнделікті күн тәртібінен алынбайтын болады. Бұл жерде де Қазақстан баяу болса да сөзсіз алға жылжып, оң тәжірибеге ие болуда.

Кәсіби десант - стилисттер, кеңесшілер, HR сарапшылары

Сондай-ақ көрмеге келушілер бизнес-конференциядан тыс уақытта сарапшылармен тілдесіп, бизнесті дамыту үшін пайдалы ақпарат ала алғанын да атап айту керек. Іс-шараның барлық үш күнінде көрме алаңында арнайы жабдықталған тегін кеңес беру орталығы жұмыс істеді, онда fashion ритейлінің жетекшілері жүйелі басқару, мерчандайзинг, ассортиментті басқару, жоспарлау және сату, кадрларды іріктеу және оқыту, қаржы және бухгалтерлік есеп, салықтық есеп және аудит бойынша ұсыныстарымен бөлісті. Орталық Азияда тағы бір мәрте Бизнес-бағдарлама Central Asia Fashion аясында «бір сағатқа стилист» қызметін сатып алу кәсіби қолдау көрсету қызметі ұсынылды. Стилист-тәжірибешілер тобы сатып алушыларға табысты коллекцияларды жинауға, дүкеннің тауарларын есептеуге және сатып алу бюджетін қалыптастыруға көмектесті.

Көрменің жаңа маусымында "CAF вакансиялар жәрмеңкесі" бизнес-бағдарламасының тағы бір арнайы жобасы жұмыс іздеушілер мен жұмыс берушілерге Қазақстанның жетекші fashion компанияларындағы вакансияларды ұсынды. Келушілер резюме өтінімдерін қалдырып, кәсіби HR мамандарымен қысқа сұхбаттан өтті. Өз кезегінде тиімді жұмысшыларды іздеп жүрген жұмыс берушілер экспресс-сұхбат жүргізді.

Central Asia Fashion көрмесінің арнайы жобалары

Бұл жолы жалпы Орталық Азия аймағы бойынша Central Asia Fashion көрмесінің арнайы жобалары керемет әсер қалдырып, баршаны таңғалдырды. Art Gallery CA галереясында ұсынылған жұмыстардың екі бірегей экспозициясы жобаның тарихында сөзсіз қалатын болады.



Қырғызстан Суретшілер одағының мүшесі Чолпон Аламанова Қазақстанға алғаш рет «Эко-Құрақ. Тамаша дүниелер өмірі» экспозициясын жарыққа шығарды. Оның аясында әр бұйым көптеген мата қиындыларынан жасалған ұмыт болып бара жатқан «құрақ» қолөнер техникасын қайта жаңғыртқан қолданбалы қолөнер шеберлерінің туындылары ұсынылды. Ал тікелей «Эко-Құрақ» жобасында - барлық жұмыстар сызбаүлгілік қиындылардан немесе, қарапайым сөзбен айтқанда, өндірістік қалдықтардан жасалған. Бес ай ішінде суретші мен оның шәкірттері 300 келіден астам матаның қалдықтарын қайта өңдеп, сол арқылы қоршаған ортаны қорғауға зор үлес қосқан. Көрмеде бұл жобаны талқылау Қазақстандағы сән өндірісінің қалдықтарын қайта өңдеу бойынша жаңа «жасыл» қоғамдық бастаманы бастауға серпін берді.



Central Asia Fashion халықаралық сән көрмесі мен жетекші қазақстандық B2B компанияларының бірі PROFIT Events – «Қазақша 100деген фэшн» шығармашылық ынтымақтастығы баршаның назарын өзіне аударды. Онда сарапшылар танымал нейрожелілерден тұратын Жасанды интеллектке қазақстандықтардың дәстүрлі өмірі мен қарапайым күнделікті тіршілігін бейнелейтін туындылар сериясын жасасын деген қызықты тапсырма қойды. Шығармашылық эксперимент сәтті өтіп, көрермендердің үлкен қызығушылығын тудырды. Дегенмен,

мұнымен бәрі біткен жоқ - келесі жылы ұйымдастырушылар жаңа іздеу сұрауларымен нейрондық желіні оқыту динамикасын бағалау және нәтижені салыстыру мақсатында осы идеяны қайталауды жоспарлап отыр.



Анықтама үшін:

Central Asia Fashion халықаралық сән көрмесі Алматыда 2006 жылдан бері жылына екі рет өткізіліп келеді. Қазір CAF - бұл киім өндірушісі тұлғасындағы сенімді серіктес табу, коллекцияларды жеткізуге тапсырыс беру, дистрибьюторды табу, сонымен қатар кәсіби даму үшін барлық жағдай жасалған платформа. Әр маусымда шараға бүкіл Орталық Азия аймағынан және ТМД елдерінен fashion индустриясының мамандары қатысады. Көптеген қатысушылардың стендтерінде коллекцияларға алдын ала тапсырыстар мен сатып алулар жүзеге асырылады, подиумда сатып алушылар мен дизайнерлердің сән көрсетілімдері өтеді, бизнес аймақта панельдік пікірталастар, аналитикалық сессиялар және тақырыптық семинарлар өткізілетін мамандандырылған бизнес-конференциялар өтеді. Expo-business-show көрмесінің барлық үш негізгі элементі мәмілелер жасауға және бизнес-процестерді белсенді жүргізуге бағытталған. Көрменің негізгі бөлімдерінде 40-тан астам өнім топтары ұсынылған. Байерлер мен қатысушылардың тиімді жұмысын қамтамасыз ету үшін ұйымдастырушы, CATEXPO көрме компаниясы арнайы байерлік бағдарламаны – Hosted Buyers Program жүргізеді, соның арқасында Орталық Азияның барлық аймақтарынан сатып алушылар CAF-қа қаржылық жүктемесіз келе алады. CAF Autumn-2023 жаңа күзгі көрме салоны 30-шы шілдеден 1-ші тамызға дейін аяқ киім, тері, былғары және аксессуарлардың Elite Line мамандандырылған көрмесімен бірге өтеді. Барлық алдағы көрмелер өтетін орын – Алматы қаласы, Атакент көрме орталығы, 10 және 11 павильон.



CAF
CENTRAL ASIA FASHION
AUTUMN-2023

Organizer / Организатор
catexpo

32 МЕЖДУНАРОДНАЯ ВЫСТАВКА МОДЫ
INTERNATIONAL FASHION EXHIBITION

30 july
июля - **01** august
августа **2023**

WWW.FASHIONEXPO.KZ